

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған
№3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының
2024-2025 оқу жылының тамыз айында өткен педагогикалық кеңесінің
№ 8 хаттамасы

Күні: 13.06.2025ж

Уақыты: сағ 10.00

Қатысқандар: 36

Қатыспағандар: 0

Себеігі:0

Себеісіз:0

Тақырыбы : «Білім беру үдерісін мониторингілеу-нәтижелі білім берудің кепілі»

Күн тәртібі:

1.№ 7 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы.

Мектеп директоры: Курмашева А.Н.

2. 9- сынып білім алушылардың қорытынды аттестаттау нәтижесі;

3. IV тоқсан және жылдық қортынды бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Мукашева А.Б.

4.2024-2025 оқу жылында ұстаздар мен оқушылардың олимпиада, зияткерлік конкурстарға қатысуы бойынша талдауы.

Директордың бейінді жөніндегі орынбасары: Торсунова Б.Р.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектеп директоры А.Н.Курмашева № 7 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуына тоқталды.

1. Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін оқыған пәндерден "5" деген бағасы бар 9-сынып бітірушілеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген « білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағдаларына сәйкес аталған бітірушілерге негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» 9 «А» сынып оқушылары Базарқұл Мадияна Ерланқызы, Қабақбай Ұлжан Алмасқызы., 9»Б» сынып оқушылары Бегзан Зерде Алмасбекқызы, Құрманбай Рамазан Бақытжанұлына берілді.

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы «Орта техникалық және кәсіптік білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлеріміне аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағдаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес негізгі орта мектеп курсын толық аяқтаған 9-сынып оқушыларына негізгі орта білім туралы аттестат берілді.

Екінші мәселесі бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Мукашева 9-сынып білім алушылардың қорытынды аттестаттау нәтижесінің сараптамалық талдауын ұсынды.

2024-2025 оқу жылында 9-сыныпты аяқтаған білім алушылардың қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім сапасы: 100 %

- Аттестатталған оқушылар саны: 31;
- «Өте жақсы» бағамен аяқтағандар: 4 оқушы (12,9%);
- «Жақсы» деңгейдегі оқушылар: 27оқушы (87,1%);
- Қорытынды бағалар мен оқу жетістіктері бойынша мемлекеттік стандарт талаптары орындалды;
- Қиындықтар болған жоқ.

Алгебра пәні бойынша қорытынды аттестаттау нәтижесі:

5 (өте жақсы) бағамен 9А сыныбынан -3 оқушы , 9 Б сыныбынан- 7 оқушы; 4 (жақсы) бағамен 9А сыныбынан -12 оқушы , 9 Б сыныбынан- 9 оқушы білім сапасы 100%;

Қазақ тілі пәні бойынша қорытынды аттестаттау нәтижесі:

5 (өте жақсы) бағамен 9А сыныбынан -7 оқушы , 9 Б сыныбынан- 10 оқушы 4 (жақсы) бағамен 9А сыныбынан -8 оқушы , 9 Б сыныбынан- 6 оқушы білім сапасы 100%

Таңдау пәндері бойынша қорытынды аттестаттау нәтижесі:

5 (өте жақсы) бағамен 9А сыныбынан -10 оқушы , 9 Б сыныбынан- 8 оқушы 4 (жақсы) бағамен 9А сыныбынан -5 оқушы , 9 Б сыныбынан- 8 оқушы білім сапасы 100%

Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау нәтижесі:

5 (өте жақсы) бағамен 9А сыныбынан -7 оқушы , 9 Б сыныбынан- 6 оқушы 4 (жақсы) бағамен 9А сыныбынан - 8 оқушы , 9 Б сыныбынан- 10 оқушы білім сапасы 100%.

Ұсыныс: 2025-2026 оқу жылында жүйелі қосымша дайындық курстары мен тест жаттығулары өткізу қажеттілігі

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: А.Б.Мукашева IV тоқсан және жылдық бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауын жасады

Мектеп бойынша білім сапасы-92,6%

Үздіктер саны-35; 18,42%

Үлгерімі жақсы оқушылар саны-141; 74,22%

Үлгерімі орташа оқушылар саны -14; 7,36%

2024- 2025 оқу жылында 7-11 сынып оқушыларының IV тоқсан және жылдық бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауы бойынша

1.7»А» сыныбы IV тоқсан білім сапасы **66,66 %** жылдық білім сапасы **80 %** динамика +13,33 өзгеріс;

2. 7»Б» сыныбы IV тоқсан білім сапасы **88,23 %** жылдық білім сапасы **88,23 %** өзгеріссіз;

3. 7»В» сыныбы IV тоқсан білім сапасы **93,33 %** жылдық білім сапасы **93,33 %** өзгеріссіз;

4. 8 «А» сыныбы IV тоқсан білім сапасы **69,23 %** жылдық білім сапасы **76,92 %** динамика + 7,69;

5. 8 «Б» сыныбы IV тоқсан білім сапасы **100 %** жылдық білім сапасы **100 %** өзгеріссіз;

6. 8 «В» сыныбы IV тоқсан білім сапасы **53,33 %** жылдық білім сапасы **80 %** динамика +26,67;

7. 9 «А» сыныбы IV тоқсан білім сапасы **93,33 %** жылдық білім сапасы **100 %** динамика +6,67;

8. 9 «Б» сыныбы IV тоқсан білім сапасы **100 %** жылдық білім сапасы **100 %** өзгеріссіз;

9. 10 «А » сыныбы IV тоқсан білім сапасы **100 %** жылдық білім сапасы **100 %** өзгеріссіз;

10. 10 «Б » сыныбы IV тоқсан білім сапасы **84,21 %** жылдық білім сапасы **89,47 %** динамика + 5,26;

11. 11 «А » сыныбы IV тоқсан білім сапасы **100 %** жылдық білім сапасы **100 %** өзгеріссіз;

12. 11 «Б» сыныбы IV тоқсан білім сапасы **100 %** жылдық білім сапасы **100 %** өзгеріссіз;

Әр пән бойынша IV тоқсан және жылдық бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауы және III тоқсанның қорытынды бойынша 3 пәннен артық қанағаттанарлық бағамен қорытылған оқушылардың сынып жетекшілері ата-аналарына ескерту берілгені және құжаттарының алатыны бойынша айтылды.

8 А сыныбынан 1.Артықбай Әмірхан (алгебра, дүниежүзі тарихы, орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, Абайтану, биология, информатика, Қазақстан тарихы, химия); Омарбекұлы Ербол (, орыс тілі мен әдебиеті , физика, шетел тілі, химия);

8В сыныбынан Арин Іцкәр (алгебра,орыс тілі мен әдебиеті,химия, физика);

8 В сыныбынан Ахметов Құрмет (физика, химия, ағылшын тілі);

8 В сыныбынан Қапсалям Нұреслям (биология, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, химия);

Жылдық қорытынды бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы бойынша :

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепте барлығы **190** оқушы білім алды. Жылдық оқу үлгерімі мен білім сапасына жасалған талдау төмендегідей нәтиже көрсетті:

- **Білім сапасы — 92,6%.** Бұл көрсеткіш оқушылардың басым бөлігі оқу бағдарламасын жақсы және өте жақсы деңгейде меңгергенін көрсетеді. Бұл — оқу-тәрбие процесінің дұрыс ұйымдастырылуы мен мұғалімдердің жүйелі жұмысының нәтижесі.

- **Үздік оқушылар саны — 35 оқушы (18,42%).** Бұл оқушылар барлық пәндер бойынша «5» бағасына оқып, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда үздік оқушылар санының артуы (немесе сақталуы) мектептің сапалы білім беруге басымдық бергенін көрсетеді.

- **Үлгерімі жақсы оқушылар саны — 141 оқушы (74,22%).** Бұл санаттағы оқушылар оқу бағдарламасын толық меңгерген, бірақ кейбір пәндерден «4» бағалары бар. Жалпы алғанда, бұл оқушылар мектептің негізгі білім сапасын қамтамасыз етіп отыр.

- **Үлгерімі орташа оқушылар саны — 14 оқушы (7,36%).** Бұл оқушылардың үлгерімі қанағаттанарлық деңгейде. Олардың кейбір пәндерден «3» бағасы бар. Бұл санаттағы оқушылармен нақты бағытталған жеке жұмыс қажет.

- **Қорытынды:**

- Жалпы алғанда, оқу жылының қорытындысы бойынша мектептің **жалпы үлгерімі — 100%**, ал **білім сапасы — 92,6%** деңгейінде сақталған. Бұл — өте жоғары көрсеткіш. Дегенмен, үлгерімі орташа оқушыларға ерекше назар аудару қажет. Келесі оқу жылында бұл оқушылармен жеке а жұмыс жүргізу арқылы білім сапасын әрі қарай арттыруға болады.

Төртінші мәселе бойынша директордың бейінді жөніндегі орынбасары Б.Торсунова

2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың зияткерлік сайыстар мен конкурстарға қатысуы бойынша сараптамалық талдау жасады

Облыстық деңгейдегі шығармашылық конкурстар мен пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар байқауларына жалпы 120 оқушы қатысты. Оның ішінде, орын саны — 72, 1 орын — 10; 2 орын — 27; 3 орын — 25; Грамота — 10. Жалпы алғанда оқушылар облыстық деңгейде 20 — дан астам байқауларда бақ сынасты.

Республикалық деңгейге 25 оқушы қатысты, оның ішінде «Абай желілік» мектептері байқауларына 8 оқушы бақ сынасты. Оқушылар жалпы 14 жүлделі орын және 1 грамота иеленді. Педагогтердің оқу жылында қатысқан сайыстарының нәтижесі мынадай:

- Республикалық «Дарынды балаға -талантты ұстаз» кәсіби конкурсы — Караманова Г.М. (грамота)

- Республикалық мега жоба «Оқу және математикалық сауаттылық: табысты синергия» - Муратов М.Б. (3 орын)

- Облыстық АЭТД мұғалімдері арасындағы «Үздік педагог» байқауында — Шоқаев А.Е., 1 орын

- «Жаңа мектепке — жаңашыл ұстаз» жас мамандар байқауы — Темірбек И.Т. (грамота)

- «Биология пәні мұғалімінің үздік педагогикалық жобасы» облыстық конкурсы — Торсунова Б.Р. (3 орын)

Педагогикалық кеңестің қаулысы

• 2025-2026 оқу жылында қорытынды аттесаттауға қосымша дайындық курстары мен тест жаттығулары өткізілсін..

• 2025-2026 оқу жылында білім сапасы төмен сыныптарға нақты жұмыс жоспары құрылсын.

- Олимпиада және зияткерлік байқауларға дайындық жұмыстары күшейтілсін, пән мұғалімдері дарынды оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізсін.

- Әдістемелік бірлестіктерге:

– білім сапасын арттыру бағытында тиімді әдістемелік жұмыстар жүргізу;

— диагностика және сараптама қорытындысы негізінде оқушылармен жеке және

топтық жұмыс ұйымдастыру тапсырылсын.



Төрайымы:

А.Курмашева

Хатшы:

А.Сағатай